

**№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаттағы 2024-2025 оқу жылының  
сыныптар жиынтығы туралы  
ТҮСІНДІРМЕ**

2024-2025 оқу жылының сыныптар жиынтығы, №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернатының қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттары негізінде құрылды:

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады.

0-4 арнайы бастауыш сыныптар үшін "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 412 бұйрығының 4 қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін тірек аппараты бұзылған балаларға арналған үлгілік оқу жоспары бойынша құрылды

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

- «Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 тамыз айындағы № 385 бұйрығы.

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде сыныптардың құрамы, саны реттелінді.

Санитарлық қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес «Арнайы білім ұйымдарындағы сыныптардың, тәрбиелеу топтарының, ұзартылған күн топтарының толықтырылуы» дене бітімінің кемістігі және ақыл-ой кемістігі бар балалар топтарының саны, яғни «...арнайы топ 4 – 6-ны құрауы мүмкін» ескере отырып, 2023-2024 оқу жылында №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернатында 18 сынып жиынтығы құрылды. Сыныптардың құрамы балалардың жас ерекшеліктеріне, психофизикалық даму мүмкіндіктеріне сәйкес реттелінді. Жалпы оқушылардың саны – 87. Арнайы білім беру мекеме қызметінің түрі – **тірек аппараты бұзылған балаларға арналған** болғандықтан, 69% оқушылар «Балалар церебралды салдануы» диагнозы бойынша науқас балалар. 40 баланың – 40 % тірек-қозғалысы ауыр формасымен (арбада отыратындар, таяқшамен жүретіндер), және, сонымен қатар, әр баланың бойында 3-4 күрделі неврологиялық, психофизикалық кемістіктері анықталған, яғни (диагносттары): «БЦС» /балалар церебралды салдануы/, «ЖТК -1,2,3 деңгей /жалпы тіл кемістігі/, диплегия, дизартрия, «ПДТ»/ психикалық дамуының тежеулігі/, «РОПЦНС» /резидуальное органическое поражение центральной нервной системы/, ақыл-ойының артта қалуы, прогрессивті бұлшықет дистрофиясы, эмоционалды ерік-жігерінің бұзылуы ж.т.б.

Балалардың дәрігерлік қорытындысы бойынша психо-физикалық дамуында күрделі бұзылыстар бар оқушылардың саны **40**, ал **37** бала /Қосымша парақта көрсетілген тізім/ көмекші құралдар арқылы (арба, ходунок, таяқшы) және мекеме қызметкерлердің көмегімен жүреді: Жас ерекшелігіне байланысты тиісті сыныпта оқиды.

Осы себептерден және оқу кабинеттерге сыйымсыз болғандықтан (ыңғайластырылған ғимарат), 2023-2024 оқу жылы оқу процесі 18 сынып білім алушыларға ұйымдастырылды.

Жоғарыда аталған білім алушылардың психофизикалық мүмкіндіктерін, мекеменің құрылысын ескере отырып, ПМПК-ң қорытындыларына сәйкес, оқушыларға берілген білім беру бағдарламаларын, олардың интеллектуалдық-танымдық қабілеттерін, ойлау дағдыларының деңгейлерін ескере отырып, мектепшілік педагогикалық-психологиялық-медициналық консилиумнің анықтау/диагностика жұмыстарына сүйене отырып, сыныптардың құрамы, саны 2023 жылғы 29 тамыздағы Педагогикалық кеңесте бекітілді.

18 сыныптар «литер» бойынша бөлінді: «А», «Ә», «Б», «В»

Директор:



А.Е. Кашкеева